

БД010300 – «Педагогика және психология»
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
жазылған Оразбаева Кульдархан Оналбековнаның «Жаһандану
жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін
қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми
кеңесші, педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Исламия Рамазановна Халитованың

П І К І Р І

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» халқына Жолдауында еліміздің болашағын қазақстандықтардың әлеуетін ашу үшін жаңа мүмкіндіктер құрумен байланыстыра келе, «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар» екендігіне тоқталды. Бұл өз кезегінде бес институционалдық реформаларды жүзеге асыру үшін ұлттың идеясы, жарияланған ұлт жоспары, «100 нақты қадам» бағдарламасында әлемнің отыз дамыған елінің қатарына кіруі негізінде адам капиталының сапасын көтеру, он алдыңғы қатарлы колледж бен он жоғары оқу орнында білікті кадрларды әзірлеу, халықаралық тәжірибеге сәйкестендіру үшін еліміздің оқу мекемелерінде білім беруді дамытудың басым бағыттарын алға қойған болатын.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», – деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін атап көрсеткен.

Қазақстан Республикасында жүріп жатқан шаралардың барлығы да бірігу, жаһандану, даму үдерісіне ілесуді көздейді. Оның басты бір саласы білім беру, осы салаға мамандар даярлау болса ендігі жерде мамандардың бойында әлемдік білім беру, ғылым, техниканың даму жылдамдығына ілесе алатын, тың жаңалықтарды лезде меңгеріп, іс жүзінде шығармашылықпен пайдалана алатын кәсіпқойлықтың болуы тиіс екені сезілуде.

Бұл мәселе білім беру үдерісінде болашақ педагог мамандардың бойында жаһандануға жол ашатын құзыреттіліктерді қалыптастыру мәселесін шешу қажеттігін көрсетуде.

Оразбаева Кульдархан Оналбековна «Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысында, осы мәселенің бар екенін мызғымас айғақтармен дәлелдеп көрсетіп және оны шешу жолдары төңірегінде түбегейлі зерттеу жүргізді.

Диссертациялық зерттеуінде ізденуші кең ауқымды мәселелерді көтере келе, соның ішінде жаһандану - үдерістерін қазіргі білім беру

саласының даму факторы ретінде қарастыра келіп, болашақ мұғалімдердің кәсіби құзырттілігін қалыптастырудың ғылыми - теориялық әдіснамалық негіздеріне тоқталған. Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық тұстарын педагогикалық, психологиялық, философиялық және заманауи бетбұрыстармен тоғыстыра келе, болашақ педагог маманның моделін жасаған.

Зерттеу барысында кәсіби құзыреттілік түрлерін талдай келе, өз тұсынан тұжырымдамалар беріп, құрамын, құрылымын айқындап тәжірибелік-эксперимент жұмысының тиімділігін арттырудың теориялық негіздерін жасады.

Зерттеу жұмысында жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін анықтаудан бұрын осы ұғымға байланысты қазақстандық, шетелдік, ресейлік ғалымдардың еңбектеріндегі пікірлерді талдап, сол негізде өз пікірін білдірген. Жаһандану құзіреттілігінің моделін жасап оны жүзеге асырудың мазмұнын, әдістері мен технологияларын, қалыптасқандығының өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтап тәжірибеде қолданды. Әлемде философ, психолог, әдіскер-педагог ғалымдар осыған байланысты көптеген пікірлер айтылғанымен, оқу үдерісінде болашақ мұғалімдердің бойында астарласқан жаһандану жағдайындағы кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру мәселесі түбегейлі зерттеле қойған жоқ. Оразбаева Кульдархан Оналбековнаның зерттеуінің нәтижесіне сүйене отырып, берген ұсыныстары осы ғылым саласындағы жаңалық екенінде дау жоқ.

Зерттеу нәтижесінде алынған осы жаңалықтарды «Педагогикалық мамандыққа кіріспе», «Этнопедагогика», «Педагогика тарихы», «Жоғары мектеп педагогикасы» пәндерін оқытуда пайдалануға болады.

Докторант К.О. Оразбаева «Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» оқу-құралы оқу үдерісіне ендірілді.

Диссертацияның мазмұны, құрылымы, ғылыми аппараты логикалық байланысқан, тақырыпқа сай құрылған.

Зерттеу жұмысының жаңалығы, алынған нәтижелерінің дәйектілігін және практикалық маңыздылығын ескере отырып, толық аяқталған ғылыми еңбек деп санауға болады. Сондықтан диссертациялық жұмысты қорғауға ұсынуға болады.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор

